

Мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 наурыздағы № 8С-18/8-24 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 наурызда № 8734-03 болып тіркелді

Ескерту. 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 2-тармағымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3 - бабының 5-тармағына сәйкес, Ерейментау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ерейментау ауданында "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабы 4-тармағының екінші абзацында белгіленген мөлшерлеме мөлшері 4%-дан 2%-ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Ерейментау аудандық мәслихатының төрағасы

М.Абжиков